

Көкшетау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 ақпандағы № С-34/2 " Көкшетау қаласының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № С-44/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қаңтарда № 5215 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № С-2/8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 26.04.2016 № С-2/8 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы " Нормативтік - құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көкшетау қалалық мәслихатының "Көкшетау қаласының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2015 жылғы 16 ақпандағы № С-34/2 (Нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4675 тіркелген, 2015 жылғы 12 наурызда "Көкшетау" газетінде және 2015 жылғы 12 наурызда "Степной маяк" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

кіріспе келесі редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі " Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:"**;

көрсетілген шешіммен бекітілген қосымшасындағы:
3 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау және нәтижесін беру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бесінші шақырылған
Көкшетау қалалық мәслихатының С.Рахымжанов
44-ші кезекті сессиясының төрағасы

Бесінші шақырылған
Көкшетау қалалық Б.Бегалин
мәслихатының хатшысы

" К Е Л І С І Л Д І "

Көкшетау қаласының әкімі

Е.Маржыкпаев

2015 жылғы "24" желтоқсан